



Автор: Бақыт Уразбақова Жаксылыковна

Пән: Дүниетану. Тарих компоненті

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Туған өлкем

Тақырып: Менің Отаным

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.3.5.2 бақылаулар негізінде ҚР мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын анықтау
Сабақтың мақсаты:	Бақылаулар негізінде ҚР мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын анықтайды
Күтілетін нәтиже:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты бірлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Бағалау критерийлері:	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Құндылықтарды дарыту:	Туған еліне деген махаббатын ояту,патриотизімді дамыту,адамгершілік пен туған жерін білуді тәрбиелеу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	https://bilimland.kz/kk/courses/education-movies/tema-klassnogo-chasa/lesson/memlekettik-ramizder
Пәнаралық байланыс:	Музыка, қазақ тілі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Сәлемдесу. Топқа бөлемін : « Қима қағаздары арқылы» топқа бөлінеді. Оқушыларды қима қағаздарын алып, 1,2,3,4 топтарға бөлініп отрады. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Егеменді Қазақстан» бейнеролик тамашалайды. Карта бойынша қысқаша мәлімет беру. Мақсаты: қатысушылардың көңіл-күйін көтеру, жағымды эмоция туғызу.	https://bilimland.kz/kk/courses/education-movies/tema-klassnogo-chasa/lesson/qazaqstan-ortaqujimiz
Сабақтың ортасы (27 минут)	Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады. Сенің туған жерің қай қала? Нұр-Сұлтан мен Алматы туралы не білесің? Қандай қалада қонақта болдың? «Жариялау» әдісіОқулықпен жұмыс. Ақын Садықбек Хангельдин туралы мағмұлмат беру. Ақынның өз Отаны туралы өлең жолдарын мәнерлеп оқу. «Бәрі-менің өмірім, сен сыйлаған».	https://bilimland.kz/kk/courses/education-movies/tema-klassnogo-chasa/lesson/memlekettik-ramizder
Сабақтың соңы (5 минут)	Ой қорыту. «Қазақстан картасы» кері байланыс.	
Рефлексия (3 минут)	Бүгін сабақта нені білдік? Қазақстанның төрт өңірлерін білетін бөлдыңдар? Оларды картадан көрсете аласыңдар ғой? Рәміздеріміз туралы толық ақпарат алдықпа? -деп сабақты аяқтау.	